

Зейнетақы жинағыңызды үнемі бақылап жүріңіз!

*Зейнетақы жинақтары туралы ақпарат алудың ең сұранысқа ие тәсілі –
электрондық әдіспен Жеке кабинет арқылы алу*

Жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) аударымдарды қадағалау қажеттілігі бар ма? Мұны қаншалықты жиі және қалай жасау керек?

БЖЗК өз салымшыларына (алушыларына) ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының жай-күйін тұрақты негізде қадағалауды, оның ішінде Қордағы жеке зейнетақы шотына жұмыс берушіден жалақыңыздан 10% мөлшерде ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының уақытылы түсуіне назар аударып отыруыңызды ескертеді. Өкінішке орай, жұмыс берушінің өз міндеттемелерін толық орындамайтын немесе мүлде орындамайтын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан өз жеке зейнетақы шотыңыздағы зейнетақы жинақтарыңыздың жай-күйін жүйелі түрде тексеріп отырғаныңыз артық етпейді.

ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу - бұл салымшылардың (алушылардың) заңнамалық бекітілген құқығы және оны төмендегі тәсілдермен алуға болады:

- электрондық:
 - БЖЗК-ға ұсынылған мекенжай бойынша электрондық пошта арқылы;
 - Жеке кабинет арқылы;
- тікелей БЖЗК кеңсесіне жеке өтініш жасаған кезде;
- пошта қызметі арқылы.

Қазір зейнетақы жинақтары туралы ақпарат алудың ең сұранысқа ие тәсілі - Жеке кабинет арқылы электрондық әдіс. 2022 жылдың 1 қарашасына 6,4 млн-ға жуық адам БЖЗК сайты мен мобильді қосымшасында Жеке кабинет арқылы әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 тәртібінде жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу мүмкіндігін таңдады.

Зейнетақы қызметтерін цифрландыру - Қор қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Мысалы, 2014 жылы (барлық зейнетақы активтерін БЖЗК-ға беруді аяқтау кезеңі) жинақтар туралы ақпарат алудың осы әдісін 330 мыңнан астам адам пайдаланды. Демек, бүгінде олардың саны шамамен 20 есе өсті.

2022 жылғы 1 қарашада 3,2 млн салымшы мен алушыда хабарлау тәсілі БЖЗК кеңселеріне жеке жүгіну ретінде айқындалды. Аталмыш статистика Қорда автоматты түрде ашылатын шоттар есебінен толықтырылады. Бұл ретте олар бойынша «Өзі келіп, өтініш беру» хабарлау тәсілі айқындалған. Сіз оны enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетте ЭЦҚ пайдалану арқылы өзгерте аласыз, не Қордың кез келген бөлімшесіне немесе «Қазпошта» АҚ-ның 376 бөлімшесінің біріне бару арқылы хабарлау тәсілін өзгерту туралы келісім жасасуға болады.

750 мыңнан астам адам ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық пошта арқылы алуды таңдаған. Естеріңізге сала кетейік, осы ақпараттандыру әдісі таңдалған жағдайда салымшы (алушы) ЖЗШ-дан үзінді көшірмені БЖЗК базасында тіркелген өзінің электрондық мекенжайына enpf.kz сайтындағы электрондық қызмет арқылы шексіз рет жіберуге мүмкіндігі бар.

ЖЗШ-дан үзінді көшірмелері салынған конверттерді әлі де 1 миллионға жуық адам күтуде. 2014 жылы олардың саны шамамен 4 млн. болатын.

Мұнымен қатар, пошта арқылы хабардар етуді таңдаған салымшылар (алушылар) қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес Қорға өз міндеттемелерін орындауға әсер ететін барлық өзгерістер туралы хабарлауға міндетті екенін еске саламыз.

Сондықтан БЖЗК төмендегідей өзгерістер туралы уақытылы хабарлауды сұрайды:

- электрондық мекенжай («электрондық пошта (e-mail)» арқылы хабарлау тәсілін таңдаған жағдайда);
- пошта мекенжайы («пошта байланысы арқылы» хабарлау тәсілін таңдаған жағдайда).

Егер мұны уақытында жасамасаңыз, сізге ескі мекенжайға жіберілген ЖЗШ-дан үзінді көшірмесі бар конверт БЖЗҚ-ға кері қайтарылады. Ал Қор өз кезегінде, зейнетақы заңнамасына сәйкес келесі жылға үзінді көшірмені жібермеуге құқылы.